

Тақырыбы: Мектеп басқарудың педагогикалық жүйесі және нысаны ретінде.

Дайындаған: Бисенова А. Даулетова А.
Орындаған: Ербулатова А.К

Жоспары:

- 1
 - Кіріспе
- 2
 - Осы заман мектебіндегі ғылыми басқарым мәні
- 3
 - Мектептегі 4 деңгейлі жүйе
- 4
 - А. Файольдың мектеп жүйесіне қосқан үлесі

Глоссарий:

Мұғалім — болашақ ұрпақтарды қоғамдық өмірге тез әрі жеңіл қосылу үшін және сол қоғамның сол мақсаттарды орындайтын адамдарды қамтамасыз ету қабілетін арттыру үшін тәрбиелеу мен оқыту қажеттілігі себебінен әлемдегі ең кең тараған мамандықтардың бірі.

Сынып жетекші – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп, келістіріп өткізетін педагог.

Оқыту - ғылыми білімдерді, біліктерді және дағдыларды игеруі бойынша, шығармашылық қабілеттерін, дүниетанымдықты, өнегелі-әдептікөзқарастарды дамыту бойынша оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыру мен ынталандырудың педагогикалық үрдісі.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Кіріспе

- Басқарудың әкімшілік мектебі пайда болуы-нан бастап мамандар ұйымды басқару тәсілдерін жетілдіруді үнемі іздестіруде болады.
- Бұл мектептің авторлары үлкен бизнес саласында басқарудың жоғарғы деңгейінде бас-шы болып көп еңбек тәжірибесін өздері жинаған жандар.
- Мәселен, Анри Файоль – осы мектептің негізін қалаған, оны менеджменттің атасы деп те атаған.

Күрделі педагогикалық жүйе ретінде танылған осы заман мектебін басқару әрбір басшыдан біртұтас басқару жүйесін түзіп, оны даму жолына бағыттауда жоғары ғылыми дайындықты талап етеді.

Мектеп – педагогикалық жүйе және басқару нысаны

Мектептердің көбі төрт деңгейлі басқару құрылымын қолдануда:

Бірінші деңгей- мемлекеттік орган бекіткен не ұжым сайлаған мектеп директоры; мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық бірлестіктер басшылары. Бұл деңгейде мектептің стратегиялық даму бағыты анықталады.

Екінші деңгей- мектеп директорының орынбасарлары, мектеп психологы; әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруға жауапкер, әкімшілік-шаруашылық бойынша директор көмекшісі; өзіндік басқаруға қатысты органдар мен бірлестіктер басшылары.

Үшінші деңгей- оқу барысында және оқудан тыс білім-тәрбие жұмыстарына байланысты оқушыларға басшылық қызметтерді атқарушы мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері. Бұл деңгейге қоғамдық басқару органдары мен өзіндік басқару, қосымша білім беру мекемелерімен байланыс жүргізуші педагогтарды да енгізуге болады.

Төртінші деңгей- сыныптық және жалпы мектептік өзіндік басқару қызметтері тапсырылған оқушылар. Бұл деңгейдің назарға алынуы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынастың «субъектсубъектті» сипатын баса танытады. Мұндай қатынаста оқушы өзара ықпал нысаны болумен бірге өз дамуының қозғаушы күші – субъект ролін де атқарады.

Басқару іс-әрекеттері процесінде төмендегідей қызметтер орындалады:

- ✓ *Мақсаттар айқындау*
- ✓ *Жоспарлау*
- ✓ *Ұйымдастыру*
- ✓ *Реттеу*
- ✓ *Ынталандыру*
- ✓ *Қадағалау*
- ✓ *Педагогикалық талдау*



Анри Файоль

✓ Анри Файоль (1841-1925ж.ж) мамандығы бойынша тау инженері болды.

✓ Ол бар ғұмырын “Камомбо” атты француздық таулы-металлургиялық синдикат компаниясында жұмыс атқарды. Алғашында инженер болды, кейіннен басқармада қызмет етті.

✓ 1886-1918 ж.ж аралығында синдикат директоры қызметін атқарды.

Анри Файоль - тау инженері, теоретик және менеджмент практигі, басқарудың классикалық мектебінің негізін қалаушы

Классикалық (1920-1950) әкімшілік мектеп

(«ғылыми менеджерлеу мектебі») кез келген ұйымды басқаруға принциптерін әзірлеуге ұмтылды.


Басқару функциялары

- 1. Жоспарлау
- 2. Ұйымдастыру
- 3. Басшылық ету
- 4. Координациялау
- 5. Бақылау

- Ал негізгі қағидаларына мыналар жатады: педагогикалық жүйені басқарудың еркіндігі; басқарудағы жүйелілік және орталықтандыру; бірігушілік және ұжымның оң қарым-қатынасы; педагогикалық жүйені басқаруды ақпараттың толықтылығы мен шынайылығы.
- Педагогикалық жүйені басқаруды тек ықпал етумен ғана шектеп қоюға болмайды, мұнда ұйымдастырушылық, бірігіп басқару және өзін өзі басқара білуде маңызды рөл атқарады.

А. Файоль бойынша басқарудың 14 принципі

1. Еңбек бөлінісі
2. Билік жүргізу
3. Тәртіп
4. Дара басшылық
5. Бірлесу
6. Бағындыру
7. Қызметшілерге ақы төлеу
8. Бір орталды басқару
9. Қызмет істеу еркіндігі
10. Әділеттілік
11. Қызмет түрлерін біріктіру
12. Инициатива
13. Корпоративтік рух
14. Ретке келтіру



Заманауи менеджменттегі басқарудың классикалық мектебі
(әлемдік басқару ғылымының негізі)

- басқаруды функциялардың байланыс процессі ретінде қарастыру;
- басқарудың негізгі принциптерін мазмұндау;
- “жұмысшы менеджменті” концепциясын құрастыру.